

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту барысында мәтінмен жұмыс істеудегі оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері көрсетілген. Оқушылардың пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту, ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асатыны туралы дәлелдер ұсынылған. Ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамыту құралдарына арналған тапсырмалар көрсетілген.

Кілт сөздер: Функционалдық сауаттылық, әдеби көркемдегіш құралдар, тақырып идеясы, мәтінді талдаудың алгоритмі.

Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да күнделікті жаңарып, жетіліп отыратындығы белгілі. Оқушылардың функционалдық дағдылары бастауыш сыныптан қалыптасады. Қазіргі сауаттылық баланың тек оқи, жаза алуымен шектелмейді. Функционалдық сауаттылық – адамның келешек өмірінің алғашқы сатысы, адамның өзін қоршаған сыртқы ортамен дұрыс қарым – қатынас жасау, кез келген ортаға тез бейімделу және күнделікті өмірде кез-келген ортада алған білімін, өз мүмкіндігін көрсете алу қабілеттілігі.

Қазіргі педагогтардың алдында тұрған мақсат баланың жеке басының дамуына жан-жақты жағдай жасайтын, өзін-өзі тануына көмек көрсететін, білім беру ісінде тұлғалық қасиеттеріне мән беретін, оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана алатындай етіп, мамандық таңдауға, дүниетанымы кеңейген, білімнің жаңа мазмұнымен байланысқан, қоршаған ортаға бейімделген тұлға қалыптастыру.

Біз көп жағдайда қиындықпен бетпе-бет келгенде, көп нәрсені сеземіз. Мысалы, аяқ астынан жағдай өзгергенде, жұмыс ауыстыруға немесе басқа жаққа қоныс аударғанда, күнде жаңарып келіп жатқан технология түрлерін қолданғанда, түрлі смарт карталар, төлем түрлерін қолданғанда, банкомат, жаңа бағдарламалар, заманауи жаңа қондырғылар, т.б. Сондықтан әлеуметтік ортаға тез үйреніп, өзін көрсете алуы үшін осындай жағдайлардан жол тауып шығуға бастауыш буыннан бастап әртүрлі тапсырмалар арқылы үйретуіміз қажет.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту да бүгінгі заман талабы. Мұғалім шеберлігі, заман талабына сай шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, қазіргі заман талабынан туындап отырған мәселе. Осыған орай, әдебиеттік оқу мен қазақ тілі пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы жоғары. Оқушылардың сөздік қорлары аз, сөйлемдерді байланыстыра алмайды. Бұл кітап оқуға деген қызығушылықтың жойылып бара жатқанымен байланысты. Сонымен қатар ұялы телефонға деген тәуелділіктің, өз ана тілдерінде дұрыс сөйлей алмаудың әсері. Біз мұғалім ретінде оқушылардың өз ана тілінде еркін сөйлеп, мәтін мазмұнын түсіне алатын, мәтінмен жұмыс жасай алатын оқушыны оқыту басты міндетіміз. Әр тапсырманы дайындарда міндетті түрде саралау, бағалау критерийімен, дескриптор ұсынамыз. Осыған орай пәндерде «Индуктор», «Идеал», «Цицерон алгоритмі», «Попс формуласы» әдістерін қолдану арқылы оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыра түсеміз.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту барысында мәтінмен жұмыс істеудегі оқытудың тиімді әдіс – тәсілдерінің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту барысында мәтінмен жұмыс істеу мен талдаудың әдіс– тәсілдерін қарастыру.

Міндеттері:

- мәтінге берілетін сипатама мен анықтамалар арқылы мәтіннің не екенін көрсету;
- мәтіннің мазмұндық құрылымы мен түрлерін ашу;
- бастауыш сыныптарда мәтінмен жұмыс істеу әдісін көрсету,
- мәтінмен жұмыс істеу функционалдық оқу сауаттылығына байланысты жүргізілетін
- жұмыс түрлерін анықтау;
- мәтінмен жұмыс істеу функционалдық оқу сауаттылығының өзіндік талдауы әдіс
- тәсілдерін қолдану.

Бастауыш сыныптан ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары қалыптаса бастайды. Сондықтан, оқушының бойында сөйлеу тілін мәтін арқылы жаттықтырып, тапсырмалар жүйесін дамыту, әдіс-тәсілдерді түрлендіру өте маңызды.

Оқушылар мәтінді дұрыс қабылдау үшін мынадай жұмыстар жүргізіледі:

1. Мәтінді қабылдауға оқушыларды психологиялық жағынан дайындау.
2. Мәтінге байланысты сөздік жұмысын жүргізу.
3. Шығарманы оқу.
4. Жоспар жасау.
5. Шығарманың мазмұнына бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстар.

Көркем шығарма жазушының сөз арқылы жасаған көркем бейнесі арқылы қабылданады. Шығарманы оқыған кезде оқушының көз алдына елес пайда болады. Бұл оқушының сезімін қозғайды. Мысалы: Абайдың «Қыс» өлеңін өтер кезде сурет бойынша суреттеу арқылы әңгіме айтқызуға болады. Мұндай әңгімеден кейін, «Қыс» өлеңінің мазмұнын білуге балалардың ынтасы артып, өлең мазмұнын ұғынуларына, мол әсер алуларына жол ашады. Сонымен шығарманы оқуға дайындау жұмысы, біріншіден, балаларды оқылатын әңгіменің мазмұны мен кейіпкерлердің ісін саналы түрде дайындау; екіншіден, оқылатын әңгіменің мазмұнына қызықтыру; үшіншіден, берілген мәтіндегі балаларға түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру мақсатында жасалады.

Берілген дайындық жұмыстарының негізгі мақсаты – балаларға шығарманы толық та саналы меңгеруіне мүмкіндік беру. Мәтінді оқу барысында, дайындық кезеңінде мәтіндегі түсініксіз сөздерді сол сөйлемімен қоса оқытса жақсы қабылдап түсінеді.

Мәтінді талдаудың алгоритмі

Оқу

Сөздікпен жұмыс

Бөліктерге ат қою, жоспар жасау,

Әр бөлікті мазмұндап айту

Бөліктегі негізгі оқиғаны анықтайды, ондағы кейіпкерлерді талқылайды, оған сипаттама береді, автордың айтқысы келген ойын анықтайды

Автор тіліне талдау жасайды

Оқиғалар жүйесін тізеді

Тақырып пен идеясын ашады

Тапсырмалар орындайды.

Мәтінмен жұмыс жүргізудің маңызы – балалардың ойлау қабілеттерін дамытуға, сөздік қорын молайтуға, адамгершілік, эстетикалық тәрбие беруге, әдеби және тарихи деректерді түсінуге көмектеседі. Оқушылар оқыған мәтіндерінің мазмұнын дұрыс қабылдап, ондағы негізгі ойды жақсы ұғыну үшін оқу сабақтарында алуан түрлі жұмыстар жүргізіледі. Мұндай жұмыстар оқылған мәтіннің сипатына, балалардың жасына, білімі мен дағдылану дәрежесіне байланысты таңдалып алынады.

Қазіргі жаңартылған білім бағдарламасындағы оқу мақсаттарының бәрі оқушыны танып білуден, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейіне қарай оқытуға бағытталған. 2-4 әдебиеттік оқу пәнінің бағдарламасында 2.1 «Тыңдалым және айтылым» бөлімінде (1-кесте).

1-кесте. 1.3 «Шығармадағы оқиғаны болжау» бөлімшесінде спиральді түрде берілген оқу мақсаттары мынадай:

2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
2.1.3.1 Шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп оқиғаның соңын болжау	3.1.3.1 Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне және құбылыстар мен оқиғаларға сүйеніп сюжеттің дамуын болжау	4.1.3.1 Шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі арқылы сюжеттің дамуын болжау және болжамының себебін түсіндіру

Осы оқу мақсаттарына сай тапсырмаларды қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалау кезінде және күнделікті сабақта дұрыс құрастырып дайындасақ, оқушыларымыз функционалды сауатты болып шығары сөзсіз. Бұл мақсаттар оқушылардың оқу сауаттылығын біртіндеп күрделендіру арқылы дамытуға негізделгені айқын көрініп тұр. Енді осы мақсаттарға жетуде қандай тиімді әдіс-тәсілдер қолданғанымызды бөлісейік. Екінші сыныпта берілген шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне сүйене отырып, оқиғаның соңын болжау. Бұл сыныпта оқушылардың басым бөлігі тыңдалым дағдысы барысында негізгі ойға назар аудармайды да оқиға соңын болжай алмайды. Сондықтан, тірек сөздер табу арқылы, оқиғаның әр бөлігіндегі үзіндісіне көңіл аудартып және мәтін мазмұнына сай сюжетті суреттер таратылып, шығарма мазмұнын өз сөздерімен әңгімелеуге жетелеу тапсырмалары жүргізіледі. Ал үшінші сыныпта шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-

әрекетіне және құбылыстар мен оқиғаларға сүйеніп сюжеттің дамуын болжау білігін дамытуда суретті сызба, тірек сөздер, сұрақтар, түрлі тапсырмалары беріледі (2-кесте).

2-кесте. «2.7 Әдеби көркемдегіш құралдардың қолданылуын түсіну» бөлімшесінде мынадай оқу мақсаттары берілген.

2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
2.2.7.1 Мұғалімнің көмегімен шығармадан құбылысты/ кейіпкерді суреттейтін үзіндіні және ондағы көркем сөздер мен сөз тіркестерін табу	3.2.7.1 Мұғалімнің көмегімен шығармадан әдеби көркемдегіш құралдардың (теңеу, салыстыру, кейіптеу, эпитет, метафора) рөлін анықтау және оларды ажырату	4.2.7.1 Шығармадан әдеби көркемдегіш құралдардың (теңеу, кейіптеу, эпитет, метафора, аллитерация, әсірелеу) рөлін анықтау және оларды ажырату

Бұдан нені байқауға болады? Екінші сыныптан бастап мәтіндегі ақпаратты іздеп тауып, іштей оқуға дағдыланған бала, төртінші сыныпта оқу сауаттылығы қалыптасқан бала кез келген шығарманы түсініп оқып, сұрақтарға жауап бере алатындығын білдіреді. Енді тапсырмалар түрі мәтінмен тікелей сұрақтар бойынша құрастырамыз. Бұл тапсырмалар оқушының оқыған шығармасын қаншалықты түсініп оқығанын және алдыңғы білімдерін қаншалықты меңгергенін бағалауға болатын тапсырмалар. Мысалы, үшінші сыныпта шығармадан әдеби көркемдегіш теңеу анықтау және оларды ажырату берілген. Соған сәйкес мынадай тапсырма берілді:

Торы құлын

Жағы қалақтай,	Құйрығы шашақтай,
Мойны садақтай.	Ерні жып-жымыр.
Төбелі жұлдыздай,	Жұтынып жүруші еді,
Жүні құндыздай,	Бұлтиып тұрушы еді.
Жалы жібектей,	Далаға шығып ап,
Саны білектей.	Құйрығын тігіп ап
Көзі моншақтай	Айнала шабар еді,
Өзі жұп-жұмыр,	Асырды салар еді.

• Өлеңнен теңеу сөздерді тауып, теріп жазу ұсынылды:




Қалақтай, садақтай, жұлдыздай, құндыздай, жібектей, білектей, моншақтай, шашақтай (дұрыс табу үшін құлынның суретін де ұсындық) (3-кесте).

3-кесте. «2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау» бөлімшесінде мынадай мақсаттар берілген:

2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
2.2.3.1 Мұғалімнің көмегімен тірек сөздер мен сөз тіркестері арқылы шығарманың тақырыбын анықтау және автордың не туралы айтқысы келгенін түсіну	3.2.3.1 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді анықтау, автордың білдіргісі келген негізгі ойын түсіну	4.2.3.1 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау, автордың ойын мәтіннен деректер келтіре отырып дәлелдеу

3.2.3.1 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді анықтау, автордың білдіргісі келген негізгі ойын түсіну. Осы мақсаттарға жету үшін берілген тапсырмалар: Екінші сынып оқушылары үшін тапсырманы кестелердегі суретпен немесе түрлі қызықты белгілермен берген анағұрлым ұтымды, себебі мұндай тапсырманы орындауға оқушылардың қызығушылығы жоғары болатындығы белгілі. Қ.Мырзаалидің «Не үшін?» өлеңін оқымас бұрын дене мүшелерінің суреттері бар кесте таратылып, жұптағы балаларға әр дене мүшесінің не үшін қажет екенін жазу тапсырылды (4-кесте).

4-кесте. Осы ретте, жұптық жұмыс ретінде мынадай кесте таратылды:

Үшінші сыныпта осы оқу мақтатына жету үшін мынадай тапсырмалар берілді:

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Биік таудың беткейінде үлкен емен ағашы өсіп тұратын. Бірде өтіп бара жатқан жел еменді құлатпақ болып, бар күшімен үрлей бастады. Ол қанша күшенсе де, емен былқ етпеді. Керісінше жапырақтарын қимылдатып, желді мазақ қылғандай болды.

Бізаланған жел найзағай мен жаңбырды көмекке шақырды. Аспанды қап-қара бұлт басып, күн күркіреді. Найзағай ойнап, жаңбыр жауды. Емен одан сайын құлпыра түсті. Еменді құлата алмайтынын түсінген жел оның сырын сұрады.

Мен туған жерімде өсемін, тамырларыммен туған топырағыма мықтап бекінгенмін. Менің күшті болуымның сыры осында, - деді емен. (Л.М. Жариковтан аударылып, бейімделген)

Тапсырма: Мәтіннің кейіпкерлерін жаз. Мәтінге ат қой. Мәтіннің негізгі ойын білдіріп тұрған сөйлемді тауып, қоршап сыз.

Ал, төртінші сыныпта осы оқу мақсаттары күрделене түседі. Осы мақсатқа жетуде тапсырмалар суретпен емес сұрақ түрінде күрделеніп беріледі. Берілген мәтін бойынша шығармадан мағыналас сөздерді табу, эпитет сөздер қатарын табу, мәтіннің түрін анықтау т.б. күрделі тапсырмалар беріледі. Бұл үш сыныптың тапсырмаларын қатар көрсетуіміздің себебі, жиынтық бағалауда оқу мақсаттарының шығыршық түрінде берілуі өте тиімді екендігін көрсеткіміз келді.

Мұндай тапсырмаларды шығарманы оқымас бұрын берген ұтымды. Өйткені, оқушы шығарманы немесе өлеңді оқымас бұрын нені іздеу керектігін біледі, уақытты тиімді пайдаланады және мақсатсыз оқудан арылуға болады. Балаларға мына мәтінді оқындар деген кезде, біразы зуылдатып оқып шығады, біразы тек көз жүгіртеді немесе оқыған түр танытып бос отыруы да мүмкін. Ал алдын ала тапсырма беріліп, нені іздеу керектігіне мақсат қойып берсек, олар сол сұраққа жауап іздей отырып дағдыланады, екіншіден уақытты тиімді пайдаланады, үшіншіден қажетті ақпаратты белгілеп алуға қалыптасады. Бұл тапсырмалар оқулықтарда да бар. Біз тек сол тапсырмаларды тиімді, жүйелі және өз кезеңінде қолдансақ, оқу мақсаттарына жетуде ұтарымыз көп болмақ. Сондықтан, кез келген шығарманы оқымас бұрын, авторы, тақырып пен суретке сүйеніп мәтіннің кім туралы, не туралы екеніне болжау жасатып, бірден соңындағы тапсырманы таныстырған жөн. Сосын оқушыдан мәтінді асықпай түсініп оқуды талап етсек, оқушы шығарманы оқи отырып, түртіп алу арқылы жаңағы сұрақтарға жауап іздеп отырады. Оқығандарын естеріне сақтайды, тіпті сұраққа жауап мәтіннің қай жерінде екенін біледі, тауып оқи алады. Осылай үнемі жұмыс жасап үйренген оқушыда оқу сауаттылығы қалыптаса бастайды.

Шынында, жоғарыда айтылғандай, жаңаша білім берудегі кез келген оқу мақсаты оқушылардың функционалды сауатты болуына бағытталған. Біздің ұсынған тапсырмаларымыздың түрлері оқу сауаттылығын арттыруға көз жеткізген тәжірибеміздің бір ғана бөлігі.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту барысында мәтінмен жұмыс істеуде мұғалімнің сабақта қолданатын әдіс-тәсілдерінің рөлі өте маңызды.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы/.

2. Әдебиеттік оқу. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (2-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы (30 пилоттық мектептерде сынақтан өткізу үшін байқау нұсқасы). – Астана, 2015. – 26 б.

3. «Оку мен оқытудың белсенді әдістері». - Астана, 2013ж.sabak.kz
4. <https://flyclipart.com/ru/eyes-clip-art-scary-eyes-clipart-273525>
5. <https://www.pngwing.com/ru/free-png>
6. <https://www.freepng.ru/png-xv9xl2/>
7. <https://www.baamboozle.com/study/>

**Кантарбаева Г.
КГУ «Школа-лицей №66» г. Караганды**

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ В РАЗРЕЗЕ ФОРМИРОВАНИЯ УНИВЕРСАЛЬНЫХ УЧЕБНЫХ ДЕЙСТВИЙ ОБУЧАЮЩЕГОСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация. Статья содержит приёмы работы на уроках русского языка и литературы для формирования функциональной грамотности обучающихся. Предлагаются образцы заданий для развития речи, направленные на развитие языковой, лингвистической и коммуникативной компетенции школьников, контекстные задачи.

Ключевые слова: функциональная грамотность, функциональное чтение, функционально грамотная личность, задания для развития речи, проблемные ситуации, коммуникативная компетенция, контекстные задачи.

Современное образование нацелено на развитие функциональной грамотности обучающихся, при которой знания из разряда теоретических должны стать прикладными и использоваться в повседневной жизни. Согласно целям Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 годы процесс обучения выпускников в школе должен быть ориентирован на "повышение глобальной конкурентоспособности казахстанского образования и науки, воспитание и обучение личности на основе общечеловеческих ценностей". [1] Эта цель предполагает развитие компетентностей, реализацию концепции "образование через всю жизнь". А предпосылкой развития компетентности является наличие определенного уровня функциональной грамотности. Согласно А. А. Леонтьеву "функциональная грамотность" - это "способность человека использовать приобретаемые в течение жизни знания для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений"[2]. Функциональная грамотность сегодня - это базовое образование личности. Ребенку важно обладать: готовностью успешно взаимодействовать с изменяющимся окружающим миром; возможностью решать различные (в том числе нестандартные) учебные и жизненные задачи; способностью строить социальные отношения; совокупностью рефлексивных умений, обеспечивающих оценку своей грамотности, стремление к дальнейшему образованию.

В основе функциональной грамотности по-прежнему лежит функциональное чтение: оно помогает извлекать и понимать информацию, представленную в разных видах - текст, фото, речь, графики, иллюстрации, видео, схемы и др., работать с ней, интерпретировать, анализировать, сравнивать. Без него другие виды функциональной грамотности будут ребенку недоступны, потому что каждый из них опирается на базовое умение работать с информацией - и именно функциональное чтение важно развивать с младшего школьного возраста. На уроках русского языка и литературы особое внимание уделяется обучению грамотности чтения, которая начинается в среднем звене: изучаются тексты разных типов и стилей. Каждый уровень содержит развитие читательских умений, включающих три категории — доступ и извлечение, интеграция и интерпретация, размышление и оценка. В 5 классе важно научить детей гибкому чтению. Задания по степени сложности могут быть разными: определить количество частей в тексте; составить «тонкие» и «толстые» вопросы, составить план (простой, сложный, вопросный и др.), выявить ключевые слова, основную мысль, авторский замысел. В 6 классе - вычленив из текста новую информацию, выразить своё отношение к тексту. Например, задать вопрос, требующий прогнозирования, интерпретации: Как вы думаете, что произошло бы, если бы Снежная королева украли Герду? В 7 классе особое внимание уделяется текстам публицистического стиля. Задания к упражнениям усложняются: Подготовь устный рассказ о текстах какого-либо стиля по плану. В каком стиле будет твой рассказ? Из фрагмента газетной статьи выпиши слова и предложения, указывающие на принадлежность к публицистическому стилю. Напиши заметку в газету. Составь вопросы для интервью.